

Тексерілді:

«Нұрби» «Мектеп-бағалар жүйесі-бағалақша»

кешені меңгерушісі: *Мирманова М.А.*



# АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: *Сиқырлы дыбыстар*

Орындаған: *Райымбаева А.О.*

Күндей жадырап,  
Айдай арайлап.  
Жұлдыздай жарқырап,  
Судай таза көңілмен,  
Бүгінгі күнімізді бастайық.  
Мейірімді жүрекпен,  
Ақпейілді жүрекпен,  
Амандасып алайық  
Бір жадырап қалайық.

- Бір жылда неше мезгіл бар?
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктем мезгілінде қанша ай бар?
- Қазір көктемнің қай айы?
- Бүгін сәуірдің нешесі?
- Апта күндерін еске түсірейік?
- Бүгін аптаның қай күні?

**Тәрбиеші:** Өте жақсы балалар! Балалар біз осы уақытқа дейін сауат ашу ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінде немен таныстық.

- 1) Айтыңдаршы дыбыс деген не?
- 2) Әріп деген не?
- 3) Ал, буын деген не?

### **Миға шабуыл**

- Балалар әрбір тіршілік иесінің өздерінің тұратын жері мекені болады екен. Мысалы:

- 1) Адамдар қайда тұрады?
- 2) Құстар қайда тұрады?
- 3) Аңдар қайда тұрады?
- 4) Дыбыстар қайда тұрады?

- Ал енді балалар осы дыбыстардың мекені туралы ертегі тыңдап көрейікші.
- Балалар сендерге ертегі ұнады ма?
- Ертегіде не жайлы айтылған?
- Осы ертегідегі қандай дауысты, дауыссыз дыбыстар білеміз?

А а, Т т, Л л, Ұ ұ.

- Дыбыстар қаншаға бөлінеді?

- Дауысты, дауыссыз дыбысты қандай текшемен белгілейміз?

- Емін еркін кедергісіз шыққан дыбысты дауысты дыбыс дейміз: **а, о, ы, ұ, ү, у, е, і, ә, и, ө, ю, я.**

- Кедергімен қысылып шаққан дыбысты дауыссыз дыбыс дейміз: **т, п, ғ, ш.**

- Балалар дыбыстарды орысша не дейміз – звуки, әріптер – буквы, дауысты – гласный, дауыссыз – согласный.

- Қазақ алфавитінде қанша әріп бар?

- Солардың қаншауы дауысты дыбыс?

- Жарайсындар балалар!

(Осы кезде есік қағылып ішке Дымбілмес келеді.)

**Дымбілмес:** Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен Дымбілмес-пін. Маған мына ми қатырғыш ойыншықты анам сатып әпер-ді, сөздер құрап үйрен деп. Олай ойланып – бұлай ойланып мұның сөздер құрауына қандай қатысы бар деп ойланып шешуін таппай сендерден көмек сұрап келдім.

**Тәрбиеші:** Дымбілмес сен өзің әріп танысың ба?

**Дымбілмес:** Әріп деген не?

**Тәрбиеші:** Жағдайын

түсінікті болды. Сен мына балалардың жанына барып отыр, ал біздің балалар саған әріптің не екенін түсіндіреді. Балалар, Дымбілмеске көмектесеміз бе?

**Балалар:** Ия, көмектесеміз.

**Тәрбиеші:** Ендеше біз қазір бір ойын ойнаймыз, сен үйреніп отыр. Балалар мен сендерге мына допты лақтырып, бір әріп айтамын, сендер сол әріпке сөз айтасындар. Мысалы: М – мысық, Н – нан, А – алма, Ә – әже, З – Зере.

Көрдіңбе Дымбілмес біздің балалар әріптен сөз құрайды. Ал енді балалар мына Дымбілместің ойыншығы жәй ойыншық емес. Бұл Зайцев текшелері. Бұл текшелерден біз

Дымбілмеске сөз құрап көрсетейік.

1- үстел – үй жануарлары (Бота)

2- үстел – жабайы аңдар (қоян)

3- үстел – қыздың аты (Зере)

4- үстел – гүлдер (Раушан)

5- үстел – жеміс ағашы (алма)

- Ал енді осы құраған сөздеріңе дыбыстық талдау жасаңдар-шы: (сендердің сөздерінде қанша дыбыс, оның қаншауы дауысты, қаншауы дауыссыз дыбыс)

- Жарайсындар балалар, дұрыс айтасындар. Ал енді осы сөздеріңді буынға бөліңдерші.

- Өте жақсы балалар! Ал енді балалар мына кестелердегі буындарды оқиықшы.

**Сергіту сәті:** Би

**Тәрбиеші:** Енді мына тақтаға назар аударайықшы. Мына тұрған сөзжұмбақты біз шешуіміз керек. Мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер шешуін тауып тор көздерден оқисындар.

Бірінші тігінен жазылған сөз (ол дыбыс деген) қандай сөз жазылып тұр оқиықшы.

**Дыбыс**

			Д	о	п			
қ	а	р	<b>Ы</b>	н	д	а	ш	
	с	а	<b>Б</b>	ы	н			
м	ы	с	<b>Ы</b>	қ				
			<b>С</b>	а	ғ	а	т	

- 1)Шіркіннің өзіне обал – ақ,  
Жүреді аяқта домалап. (**доп**)
- 2)Жіп-жіңішке денесі,  
Ортасында инесі. (**қарындаш**)
- 3)Сумен кірді ашады,  
Өзі судан қашады. (**сабын**)
- 4)Тонын киіп туған,  
Жалап бетін жуған. (**мысық**)
- 5)Үш тісі бар,  
Тықылдаған үні бар. (**сағат**)

**Тәрбиеші:**Өте жақсы балалар!Дымбілмес сен түсініп отырсың ба?

**Дымбілмес:**Мына балалардың бәрі осы балабақшадан үйреніп жатырма?

**Тәрбиеші:**Ия, Дымбілмес олар күнде сабақ оқиды, әріп үйренеді.

**Дымбілмес:**Менде балаларға қарап біраз нәрсе үйреніп қалдым.

**Тәрбиеші:**Жарайсың Дымбілмес.Ал енді балалар ойын ойнайық.

**Д/О:** «Сөзді жалғастыр»

-Дымбілмес сенде бізбен бірге ойын ойна.Мен сөздің 1 – ші буынын айтамын, сендер жалғастырасыңдар.Мысалы:

Ал – ма, Ай – на, қа – зан, қа – тық, жү – зік, жү – зім, дом – бы-ра.

**Тәрбиеші:**Балалар бір дем алып алайық.Қане бәріміз сөз бунақтар ойынын ойнайық.Дымбілмес сенде балалармен бірге қайталашы.

З – зз – ұшады қаңқыз.

Ға – ға – ға – қарқылдаған қарға

Ғыш – ғыш – ғыш – ағаш сызғыш

Лек – лек – лек – әдемі көбелек

**Тәрбиеші:**Өте жақсы Дымбілмес сен ақылды екенсің. Бала-лар өткенде жаттаған тақпақтарымызды, жаңылтпаштар-ымызды, жұмбақтарымызды еске түсірейік.

**Асан:**

Ата, зейін салдың ба?

Бар әріптің алдында.

Неліктен «А» тұрады?

Деп бір күні сұрадым

Атам менің сауатты,

Былай берді жауапты.

Ата, Ана, Ақыл, Ар, Адам

«А» дан бәрі басталар,

Содан шығар құрбаным,

«А» -ның алда тұрғаны.

**О.Аружан:**

«Ә» дегенім әжең

Әлдилеген анаң

Әлпештеген әкең,  
Әспеттей біл, балам!

**Жұлдыз.**

«Б» дегенім білім,  
Білім – жарық күнін.  
Ашып берер алған,  
Бар әлемнің сырын!

**Е.Али:**

«І» дегенім інім,  
Бауырым ғой күнім.  
Қызықтаймыз оның,  
Балдай тәтті тілін!

**Жаңылтпаш**

**Айша:**

Шапшаң, шапшаң,  
Бұрқырайды ақшаң.

**Ақжан:**

Талап – тұлпар,  
Білім – сұңқар.

**Нұрай:**

Оралдан оралған олардан  
Омармен  
Оң көріп  
Он бөрік, тон беріп, тор алған.

**Айжан:**

Гүлзар жақта жүрсің бе  
Гүл әкелші Гүлсімге.

**Жұмбақ**

**Ж.Мақпал:**

Сақинаға ұқсайды,  
Ұқсайды оған қай әріп.

**У.Аружан:**

Есепке де кіремін,  
Әріпте боп жүремін.

**Тақтамен жұмыс**

Тақтаға бормен сөз жазу.

Ана, аға, әже, бала, нан, таға.

**Тәрбиеші:** Кел Дымбілмес сенде жазасын ба? Өте жақсы Дымбілмес сен ақылды екенсің.

**Қорытындылау:** Балалар бүгінгі ашық ұйымдастырылған оқу іс – әрекетімізге өте жақсы қатысып білімдеріңді көрсеттіңдер. Балалар осы уақытқа дейін өткен әріптерімізді, буын, сөз, , дыбыстарымызды еске түсірдік. Сендерге көп рахмет!